


ҚАРАЛДЫ:

Абай облысының білім басқармасы ММ
«Дарындылық пен қосымша білім беруді
дамытудың облыстық ғылыми-әдістемелік
«Дарын» орталығы» КМҚК
ғылыми-әдістемелік кеңесінің отырысы
№ 1 хаттама «29» қаңтар 2026 ж.

БЕКІТІЛДІ:

Абай облысының білім басқармасы ММ
«Дарындылық пен қосымша білім беруді
дамытудың облыстық ғылым-әдістемелік
«Дарын» орталығы» КМҚК
директоры Ж. Ныязбекова
2026 ж.



Ұлы ағартушы Ыбырай Алтынсариннің туғанына 185 жыл толуына орай «Әлемді кітап арқылы танимын» атты облыстық балалар оқуы байқауын өткізу туралы ЕРЕЖЕ

1. Жалпы ережелер

1.1. Ұлы ағартушы **Ыбырай Алтынсариннің 185 жылдығына** орай «Әлемді кітап арқылы танимын» атты облыстық балалар оқуы байқауын (бұдан әрі – Байқау) Абай облысының білім басқармасы ММ «Дарындылық пен қосымша білім беруді дамытудың облыстық ғылыми-әдістемелік «Дарын» орталығы» КМҚК (бұдан әрі – «Дарын» орталығы) ұйымдастырады.

1.2. Осы ереже байқаудың мақсатын, міндетін, өткізілу тәртібін айқындайды.

1.3. Байқаудың негізгі мақсаттары мен міндеттері:

- жазушының шығармашылық мұрасын насихаттау, оқушылардың функционалдық сауаттылығы мен сыни ойлау қабілетін дамыту, талантты және шығармашыл жастарды қолдау.

- оқушылар ақынның шығармаларының мазмұнын, кейіпкерлер бейнесін және автордың идеяларын қаншалықты меңгергенін анықтау.

2. Байқауды өткізу тәртібі мен форматы

2.1. Байқауға Абай облысы білім басқармасының жалпы орта білім беретін мектептерінің, облыстық мамандандырылған мектептердің 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8 сынып оқушылары қатыса алады.

2.2. Байқау қатысушыларына жазушының ұсынылатын шығармалары:

2–4 сынып: «Кел, балалар, оқылық!», «Әке мен бала», «Таза бұлақ», «Өрмекші, құмырсқа және қарлығаш», «Бақша ағаштары», «Мейірімді бала»;

5–6 сынып: «Бай баласы мен кедей баласы», «Өзен», «Ананың сүюі», «Атымтай жомарт», «Дүниеде не қымбат?», «Сараңдық пен жинақтылық»;

7–8-сынып: Ы. Алтынсариннің ағартушылық қызметі, «Өнер-білім бар жұрттар», «Жаз», «Қазақ хрестоматиясы», «Қыпшақ Сейітқұл», «Дүние қалай етсен табылады?», «Талаптың пайдасы»;

2.3. Байқауға қатысу ерікті түрде және ақылы. Байқауға қатысу туралы шешімді оқушылар мен олардың ата-аналары (заңды өкілдері), мектептің қамқоршылық кеңесі қабылдайды. Қатысу үшін шектеу қойылмайды.

2.4. Байқау қашықтықтан, онлайн-тестілеу прокторинг жүйесінде өтеді.

2.5. Байқауға қатысу үшін abaidaryn.kz сайтында тіркеледі және төлем жүргізу арқылы онлайн-тестілеуге қатыса алады.

2.6. Байқау ағымдағы жылдың **14-30 сәуір аралығында** өтеді. Байқауға тіркелу: **14-20 сәуір, өтетін күндері: 21-28 сәуір.**

2.7. Байқау қатысушылары үшін тапсырмалар оқушының жас ерекшелігіне сай тест түрінде беріледі. Берілетін сұрақтар саны-30, қатысушы тек бір дұрыс жауапты таңдайды. Орындауға кететін уақыт: **45 минут**.

2.8. Үйлестіруші:

- қатысушыларды байқаудың Ережесімен және байқауға қатысу шартымен таныстырады;
- тіркеу бойынша байқауға қатысушылардың тапсырманы орындағанын қадағалайды;
- академиялық адалдықты сақтайды және сақталуын қамтамасыз етеді;

3. Байқауды ұйымдастыру

3.1. Байқауды ұйымдастыру мен өткізу үшін ұйымдастыру комитеті құрылады.

3.2. Ұйымдастыру комитеті:

Байқауға жалпы өткізілу тәртібін анықтайды;

- тікелей басшылық жасайды;
- аудандық және қалалық білім бөлімдеріне ақпарат жолдайды;
- әлеуметтік желілерде және abaidaryn.kz сайтында жариялайды;
- қатысушылардың тізімін бекітеді және есепшілік бөлімімен келіседі;
- жеңімпаздар мен жүлдегерлерді марапаттау үшін қатысушыларға сертификат, дипломдар электронды түрде дайындайды.

3.3. Сарапшылар құрамына тәжірибелі педагогтер, практик оқытушылар кіреді:

- тапсырмалардың мазмұнын дайындайды, жұмыстарды бағалаудың критерийлерін анықтайды;
- байқау өткізгенге дейін тапсырмалардың құпиялылығына жауап береді;
- байқау тапсырмаларының құрылымын, тапсырмалар санын және орындауға берілетін уақытты анықтайды;
- жеңімпаздарды анықтайды;
- нәтижесін талдап, қорытындылайды.

3.4. Байқаудың өту мерзімін және өткізу формасын «Дарын» орталығы бекітеді.

3.5. Байқау жыл сайын қашықтықтан, онлайн-тест түрінде прокторинг жүйесінде өтеді. Егер Байқаудың өту мерзімі сенбі немесе жексенбі күндеріне сәйкес келетін болса, дүйсенбі күнге ауыстырылады.

4. Қорытындылау және марапаттау

4.1. Тапсырыстың және ұйымдастыру жарнасына төлем жүргізілген түбіртектің негізінде қатысушылардың қатысқанын растайтын сертификат, жүлдегерлерге I, II, III орын алғаны үшін дипломдар комиссияның шешімімен беріледі. Байқау жеңімпаздарының саны әр номинация қатысушыларының жалпы санының 45 пайызын құрайды. Дипломдар саны мынадай пропорцияға сүйене отырып айқындалады: жеңімпаздар санының 50% - III дәрежелі дипломдармен, 30% - II дәрежелі дипломдармен, 10% - I дәрежелі дипломдармен марапатталады. Егер бірнеше қатысушы қажетті ең төменгі деңгейге сәйкес бірдей балл жинаса, қазылар алқасының шешімі бойынша жеңімпаздар саны көбейтіледі.

4.2. Барлық қатысушыларға қатысқанын растайтын сертификат беріледі.

4.3. Сертификаттар мен дипломдар <https://abaidaryn.kz/> сайтында QR –код арқылы жүктеледі.

4.4. Жыл сайын байқау белгілі бір қазақ қаламгерлерінің мерейтойларына орайластырылып өткізілетіндіктен, оқылатын кітаптар тізімі өзгеруі мүмкін.

5. Байқауға қатысу шарты

5.1. Байқауға қатысу жарнасы 1500 теңгені құрайды.

5.2. Төлем жасау төмендегі реквизит бойынша жүзеге асырылады.

Реквизит: «Абай облысының білім басқармасы» ММ «Дарындылық пен қосымша білім беруді дамытудың облыстық ғылыми-әдістемелік «Дарын» орталығы» КМҚК.

БИН 221240039001

ИИК KZ 54601A261002052351

КБЕ 16

КНП 859

2) Kaspi.kz арқылы:

- 1) Kaspi.kz тіркелу;
- 2) «Төлемдер» бөлімі;
- 3) «Білім»;
- 4) «Қосымша білім беру»;
- 5) «Абай облысы ББ «Дарын орталығы» (Семей қаласы, Қайым Мұхамедханов көшесі, 8);
- 6) қатысушының деректерін және төлем сомасын енгізу;
- 7) төлем әдісін таңдау (Kaspi Gold, Kaspi депозит, Kaspi әмиян, несие картасы);
- 8) төлем жасау - «Әлемді кітап арқылы танымын»

Оплата через Kaspi.kz:

- 1) регистрация в Kaspi.kz;
- 2) раздел «Платежи»;
- 3) «Образование»;
- 4) «Дополнительное образование»;
- 5) «УО области Абай „Центр Дарын“» (г. Семей, ул. Каима Мухамедханова, 8)
- 6) ввод данных участника и суммы оплаты;
- 7) выбор способа оплаты (Kaspi Gold, депозит, кошелёк, кредитная карта);
- 8) назначение платежа - «Әлемді кітап арқылы танымын»